

«ПСИХОЛОГИЯ ЖӘНЕ АДАМ ДАМУ» бойынша дәрістер жиынтығы

Автор психология магистрі аға
оқытушы

Матаев Берік Айтбаевич

1-тақырып. Психология пәні, міндеттері мен әдістері

1. Психология ғылымы жайлы түсінік.
2. Психология пәні.
3. Психологияның дамуының негізгі кезеңдері.
4. Психологиядағы зерттеулердің әдістері.
5. Қазіргі заманғы психологиясының негізгі салалары.

ПСИХОЛОГИЯ

ҰҒЫМЫ

Психология – психикалық

құбылыстардың (жан қуаттарының) пайда болу, даму және қалыптасу заңдылықтарын зерттейтін Ғылым.

“Психология” термині гректің екі сөзінен тұрады: оның біріншісі – “псюхе” (жан), екіншісі – “логос” (сөз, ілім), яғни жан туралы ілім деген мағынаны білдіреді.

Психикалық
құбылыстар

```
graph TD; A[Психикалық құбылыстар] --- B[Психикалық процестер]; A --- C[Психикалық қалыптар]; A --- D[Психикалық қасиеттер];
```

Психикалық
процестер

Психикалық
қалыптар

Психикалық
қасиеттер

Психикалық процестер

```
graph TD; A[Психикалық процестер] --> B[Таным процестері: зейін, қабылдау, түйсік, ойлау, сөйлеу, ес, қиял, елес]; A --> C[Эмоционалды – ерік процестері: эмоция, сезім, ерік]
```

Таным процестері:
зейін, қабылдау,
түйсік, ойлау, сөйлеу,
ес, қиял, елес

Эмоционалды – ерік
процестері: эмоция,
сезім, ерік

Психикалық қалып (кейіп) – адамның түрлі көңіл-күйінің тұрақты компоненттері (шабыт, үрейлену, абыржу, сергектік, белсенділік, депрессия, стресс афффект және т.с.с.).

Психикалық қасиеттер – бір адамды екінші бір адамнан ажыратуға негіз болатын ең маңызды, ең тұрлаулы ерекшеліктер.

- Темперамент
- Мінез
- Қабілет
- Тұлға бағыттылығы (дүние таным, сенім, қызығушылық және т.с.с.)

I - кезең

Психология – жан туралы ғылым ретінде.

Бұл психологияға екі мың жылдан астам уақыт бұрын берілген анықтама.

Жанның болуын адам өміріндегі түсініксіз құбылыстардың барлығын түсіндіруге тырысқан.

II - кезең

Психология сана туралы ғылым ретінде.

XVII ғасырда жаратылыстану ғылымдарының дамуымен басталды. Ойлау, сезіну, тілей алу сана деп аталды. Негізгі зерттеу әдісі адамның өзін-өзі бақылап, фактілерді сипаттауы болды.

III - кезең

Психология мінез-құлық туралы ғылым ретінде.

XX ғасырдан басталады.

Психологияның міндеті – тікелей көруге болатын құбылыстарды бақылау, яғни мінез-құлықты, адамның реакциялары.

Адамның қылығын тудыратын түрткілер есепке алынбады.

IV - кезең

**Психология – психиканың
заңдылықтары мен
механизмдерінің
фактілерін зерттейтін
ғылым ретінде.**

Қазіргі заманғы психологиясының негізгі салалары:

- * Жалпы психология;**
- * Балалар психологиясы;**
- * Салыстырмалы психология;**
- * Әлеуметтік психология;**
- * Медициналық психология;**
- * Клиникалық психология;**
- * Жас ерекшелік психологиясы;**
- * Дифференциалды психология;**
- * Девиантты психология;**

- * Эксперименталды психология;
- * Еңбек психологиясы;
- * Заң психологиясы;
- * Әскери психология;
- * Педагогикалық психология;
- * Этнопсихология;
- * Диагностикалық психология
- * Консультациялық психология;
- * Психологиялық ағарту;
- * Топ психологиясы;
- * Түзету психологиясы т.б.

Психологиядағы зерттеу әдістері:



Байқау әдісі

Белгілі жоспар бойынша жүйелі түрде біраз уақыт бойына зерттелуші адамның психикалық ерекшеліктерін қадағалайды.

Байқау әдісі зерттелінуші адамның әрекетіне араласпай-ақ жүргізіледі. Бұл әдіс арқылы зерттелінушінің мінезін, сөз реакциясын, мимикасын байқап, сонымен бірге адамның ерік күші, сезім ерекшеліктері, темпераменті де байқау әдісі арқылы ажыратуға болады екен.

ЭКСПЕРИМЕНТ ӘДІСІ

- Лабораториялық эксперимент – XIX ғасырдың ортасынан бастап, жеке психикалық процестерді зерттеу үшін қолданыла бастады. Тұңғыш рет лабораторияны ашқан 1879 жылы Лейпциг қаласында неміс ғалымы В.Вундт (1832-1920). Ресейде 1885 жылы Б. М.Бехтерев
- Табиғи эксперимент – Психологияға тұңғыш еңгізген және оны өзінің зерттеулерінде көп пайдаланған көрнекті орыс психологы А.Ф. Лазурский (1874-1917) болды. Бұл әдістің айырмашылығы тәжірибе жүргізуші өзіне керек құбылысты табиғи жағдайда тудырып отырады.
- Қылыптастырушы эксперимент А.С. Выгодский

Қосалқы әдістер:

- *Әңгімелесу әдісі* – білім көлеміне қарай күні бұрын әзірленген сұрақтар қояды, мұнда сөйлесу әдісіне мән беріледі.
- *Анкета* – кісі күні бұрын бланкіге жазылып қойылған сұрақтарға жазбаша жауап қайтарады. Сұрақ 5-8 ден аспауы керек.
- *Сұхбат* – сұрақ қоюшы сыналушымен әңгімелеседі, жол – жөнекей оның сөз сараптауына, түрлі реакцияларына зейін салып отырады арнаулы жоспар бойынша жүргізіледі.
- *Математикалық – статистикалық әдіс* – алғаш қолданған ағылшын психологы Спирмен 1904жылы. Осы әдіспен адам интелектісін, музыкалық, математикалық қимыл – қозғалыс қабілеттерін шамамен белгілеуге болады.
- *Тест* – бала білімі мен икемділігі, бейімділігі, жалпы ақыл – ойының даму дәрежесі, не жекелеген жан қуаттарының дамып, қалыптасуы жөнінен мағлұмат алуға көиектеседі.

2-тақырып.

Психика ұғымы

- 1) объективті шындықты түйсік, қабылдау, елестету, сезім, ерік, ойлау арқылы белсенді бейнелейтін мидың жүйелі қасиеті;
- 2) адамның жан-дүниесінің сапалық күйі мен сипатын жинақтайтын рухани бірлестігі;
- 3) Психика – бұл жоғары дамыған мидың материясы және объективті дүниенің субъективті бейнелеуі.

Психиканың пайда болуы туралы теориялар:

- *Панпсихизм* (баршада психика бар);
- *Биопсихизм* (тірі жанда, табиғатта, мөсімдікте психология бар);
- *Антропсихизм* (адамда психика бар, өсімдіктер, жануар – тірі автоматтар);
- *Нейропсихизм* (жүйке жүйесі барларға ғана психика тән).

Психика қасиеттері

- *Инстинг* – органиканың белгілі тіршілік жағдайына, өскен ортасына әбден көніккенін көрсететін мінез-құлықтардың түрі. Оның 3 түрі бар : 1)қорғаныс. 2) тамақтану. 3)жыныстық.
- *Дағды* – бір әрекеттің қайталана берілуінің нәтижесінде бірте-бірте жасалынатын іс-әрекет.
- *Сезгіштік* – органиканың сыртқы ортаны түйсіне алу сезімі.
- *Тітіркенгіштік* – биологиялық мәнді әсерлерге жауап бере алуы.

Адам психикасының айырмашылығы

- 1) Жануарлардың мінез-құлқы барлық уақытта биологиялық матифтермен байланысты жануарлардың мінез-құлқы негізінде биологиялық қажеттілік жатыр.
- 2) Жануарлардың мінез-құлқы барлық уақытта тікелей қабылданған стимулдармен ғана анықталады.
- 3) Жануарларда біреудің тәжірибесін ұғынып, оны басқаларға жеткізу болмайлы

АДАМНЫҢ САНАЛЫ ӘРЕКЕТТЕРІНІҢ ЖАНУАРЛАРДАН АЙЫРМАШЫЛЫҒЫ:

- 1)Адамның іс-әрекеті күрделі қажеттіліктермен сипатталады. Оларды жоғарғы қажеттіліктер деп атайды.
- 2)Адамның саналы әрекеті сыртқы ортадан алған әсерлерін ғана анықталмайды. Адам баласы сыртқы ортадағы жағдайларды өте терең бейнелей алады. Олардың себепті байланыстарын да анықтай алады.
- 3)Еңбек құралдарын жасап, оны пайдалану. Адам баласы еңбек құралдарын боспар бойынша жасап, оны керекті уақытта ғана пайдаланып, сақтап қояды.
- 4)Қоғамдық тәжірибенің берілуі. Адамдарда, жануарларда да өзіне тән тәжірибесі бар. Бірақ адам баласы ғана қоғамдық тәжірибені иемдене алады. Қоғамдық тәжірибе адамның психикасын жетілдіреді.
- 5)Сезім ерекшеліктері. Адам да жануар да айналада болып жатқан құбылыстарға өзінің сезімін білдіреді. Бірақ, тек адам ғана қуанышты және қайғылы жағдайларға түрліше жауап қайтарады.
- 6)Өсу, даму шарты. Адам ел арасында өсіп-дамыса ғана адам бола алады.

Онтогенез және филогенез


- Онтогенез - бұл бір дарақтың туу үдерісінен өлгенге дейінгі жеке дамуы. Онтогенез барысында дамып келе жатқан организмнің жеке мүшелері өсіп, жіктеледі және бірігеді.
- Филогенез - бұл барлық тіршілік атаулының тарихи даму үдерісі. Биогенетикалық заң биологиялық терминсіз былай тұжырымдалады: «Әрбір тірі ағза ғаламшарда тіршіліктің даму тарихын тұтасымен қайталайды».

Зтақырып

Іс-әрекет

- Адамның қоршаған ортамен белсенді қарым-қатынасқа түсуі
- Адамның белгілі бір мұқтаждықты қанағаттандыруға бағытталған белсенді қылықтары
- Адам іс - әрекетінің белгілі түрімен айналысу арқылы ғана сыртқы ортамен белсенді түрде байланыс жасап, оны шамасынша өзгертіп отырады.


ІС-ӘРЕКЕТ ҚҰРЫЛЫМЫ:



Іс-әрекеттің компоненттері:

- Икем – адамның бір істегі шеберлігі
- Дағды – адамның бір істегі біліктілігі
- Әдет – адамның санасынан тыс жүретін әрекет

Іс-әрекеттің түрлері.




Ойын іс-әрекетінің психологиялық ерекшеліктері

Ойын – шындықты тануға, мінез-құлықтың белгілі формаларының қалыптасуына, топтық ережелер мен заңдарды меңгеруге, байқау және сындық көзқарастың, адамгершілік сенімдердің және әдеттердің қалыптасуына, еріктік және ақыл-ой дамуына ықпал жасайды.

Ойынның психологиялық құрылымы:

Еркін
шығармашы
лық



Эмоционал
дық
реңділік

Іс-әрекеттің
Белсенді
сипаты

**Оқудың психологиялық
ерекшеліктері.**

**Оқу – іс-әрекеттің негізгі
саласы, еңбек процесін
нәтижелі орындауға қажетті
білімді, дағды мен шеберлікті
меңгерту процесі.**

- ***Оқу іс-әрекеті*** – тұлғаның қалыптасуына көмектесетін әлеуметтік ұйымдасқан іс-әрекет.
- **Оқыту** – адамның индивидуалды ерекшеліктері, оның қабілеті, қызығушылығы, мінез – құлықтарының көріну процесі.

Оқыту аспектілері:

- - мазмұнды (оқыту пәндер туралы білімде көрінетін мазмұнды тәжірибенің дамуы мен қалыптасу процесі).
- - операциялы (оқыту практикалық әрекеттердің қалыптасу процестері: перцептивті, ойлау, мнемикалық, тілдік, эвристикалық, орындаушылық және т.б.)
- - мотивациялық (оқыту – түрткілердің оянуы, жаңа түрткілердің қалыптасу процесі)
- - дүниеге көзқарас (оқыту – көзқарастар мен сенімдердің қалыптасу процесі);

Еңбек

- **Еңбек** – материалды құндылық пен рухани құндылықтың пайда болу нәтижесіндегі адамның іс - әрекет формасы.
- **Еңбек** – бұл тұлғаның дамуы мен тіршілік ету және адам қоғамының тұтастылықтағы шарты.
- **Еңбек** құралдары мен өнімдері.
- Күрделінген заттық әрекеттер белгілі бір тұлғаның алдына қойылған білім, иреушілік және дағды қасиеттерінде алға шығады.

- **Білім** – шынайылықтың көрінуі мен заттың саналы бейнеленуі. Бұл іс - әрекеттің нәтижесі мен алғышарттары.
- Білімнің үлгілі (көрнекілі) және түсіндермелі (түсінік, бақылау, тіл арқылы айтылу) формалары.
- **Дағды** – саналы автоматтандырылған әрекет.
- Дағдының қалыптасу этаптары: таныстырулық, аналитикалық, ситуативті;

- **Жаттығу** - әрекеттің жиі орындалуы. Индукция (тасымал), жеке интерференция.
- **Әдет** – орындалу процесі қажеттілік болып табылатын әрекет.

- **Икемділіктің** мазмұны әртүрлі білімдер мен әрекеттер жүйесін мақсатты және эффективті қолдану болып табылатын күрделі әрекет.
- **Икемділік** құрылымдағы шығармашылық элемент.
- **Икемділіктің қалыптасу** жолы: кейінгі жалпыланумен тапсыраны шешу.
- **Икемділіктің ерекшелігі** – білім, икемділік, жалпыланушылық, негізінде орындау.

Адамның іс-әрекетінің даму жүйесін сөз еткенде, біз оның мына төмендегідей іс-әрекеттерінің прогрешіл қайта жасалу аспектілерінің түрлерін айтамыз:

- 1. Адам іс-әрекетінің филогенетикалық даму жүйесі .
- 2. Адам түрлі іс-әрекеттер процестер араласа отырып өзінің онтогенезде болатын жеке дамуы.
- 3. Іс-әрекет түрлерінің өзгеруі және ішінара өз ішінде алмасу .
- 4. Іс-әрекет дифференциациясы. Бір іс-әрекеттің әлсіреуінен өзге жекелеген дербес іс-әрекетке айналуы.

4 -тақырып. Адам аралық қарым-қатынастар психологиясы

- **Қарым-қатынас** - өзара ақпарат алмасу, өзара әрекеттестік жасау, өзара қатынас жасау.
- **Қарым-қатынастың құрылымы;**
 1. Коммуникация;
 2. Интеракция;
 3. Перцепция.

**Қарым-
Қатынас қызметтері**

```
graph TD; A[Қарым-Қатынас қызметтері] --> B[Коммуникация-мәлімет беру]; A --> C[Интеракция-адамдардың бірлескен әрекетінде әсерлесуін көрсететін қарым-қатынас компоненті]; A --> D[Перцепция-өзара қабылдау және адамдардың бірін-бірі түсінуі];
```

**Коммуникация-
мәлімет беру**

**Интеракция-
адамдардың
бірлескен
әрекетінде әсерлесуін
көрсететін қарым-
қатынас компоненті**

**Перцепция-
өзара қабылдау және
адамдардың бірін-
бірі түсінуі**

Қарым-қатынас деңгейлері:

- Макродеңгей (адамның өмірбойы қоршап келе жатқан қарым-қатынас)
- Мезодеңгей (анықталған, белгіленген бір уақыт мерзіміне қатысты қарым-қатынас)
- Микродеңгей (бір-екі көрісумен қалатын қарым-қатынас)

Қарым-қатынастың түрлері:

- 1. Маскілі қарым-қатынастар; бір күннің ішінде бірнеше маска кию. Формалды қарым-қатынас, яғни мұнда маскілерді пайдаланып сұхбаттасушылардың тұлғалық ерекшелігін түсініп ескеруге талпынамыз (сыпайлық, қаталдық, тұйықтық). Шынайы сұхбаттасушыға деген сезімдерін, эмоцияларын қарым-қатынас барысында көрсетпейді.
- 2. Формалды рөлдік қарым-қатынас – мұнда сұхбаттасушының тұлғасы мен әлеуметтік рөлі маңызды болып табылады.
- 3. Іскерлік қарым-қатынас – мұнда сұхбаттасушының іске деген тұлғалық ерекшелігі, мінезі, жасы, көңіл-күйі ескеріледі. Сонымен бірге оның іске деген қызығушылығы мәндік маңызды орын алады.
- 4. Достардың рухани және тұлғалық қарым-қатынасы – мұнда кез келген тақырыпқа әңгіме қозғауға болады, тек сөз арқылы ғана емес жест, мимика арқылы бірін-бірі жақсы түсінеді.
- 5. Манипулятивтік қарым-қатынас сұхбаттасушыдан белгілі бір пайда табуға бағытталған. Ол үшін сұхбаттасушының тұлғалық ерекшелігіне байланысты түрлі әдістер пайдаланады.
- 6. Вербалды және вербалды емес қарым-қатынас.

■ Қарым-қатынас механизмдері:

- рефлексия;
- эмпатия;
- идентификация;
- децентрация;
- стереотипизация;
- каузальді атрибуция;
- ореол эффектісі.

- **Рефлексия** – қарым-қатынасқа түсушінің басқа адам оны қалай қабылдайтынын түсінуі.
- **Эмпатия** – басқаның қуаныш-сүйініштерін дұрыс сезіне білу қасиеті.

- **Идентификация** - қарым-қатынасқа түсуші адаммен өзіңді теңестіру, сол адамның орнына өзіңді қоя алу.
- **Децентрация** – қарым-қатынасқа түсуші адамның позициясын қабылдай алу.

- ***Стереотипизация*** – қарым-қатынас кезінде адамның жасына, жынысына, ұлтына, бет әлпетіне, дене бітіміне, т.б. қатысты адекватты емес қорытынды жасау.
- ***Каузальді атрибутция*** – адамдар туралы алынған мәлімет жеткіліксіз болғанда, оның мүмкін әрекеттері мен қасиеттерін тауып, сол объектіге телу.

- ***Ореол эффектісі*** – адамды жалпы бағалауда адам туралы ақпараттың жеткіліксіз кезінде пайда болатын, оның іс-әрекеті және тұлғалық сапаларын қабылдаудан алатын әсерлер.

Қарым-қатынас психологиясы мынандай құбылыстарды зерттейді:

- адамдардың бір-бірін қабылдауы және түсінуі,
- еліктеу,
- сендіру және нандыру,
- ұйымшылдық немесе жанжалдық,
- біріккен іс-әрекет,
- тұлғааралық қатынастар.

Қарым-қатынас стратегиясы

- Ашық-жабық қарым-қатынас. Ашық қарым-қатынаста әр адам өзінің көзқарасын жеткізе білуі және басқалардың позициясын тыңдауға әрдайым дайындық. Ал жабық қарым-қатынас ақпаратқа деген өзінің көзқарасын қатынасын жеткізе алмауы, қарым-қатынасқа түсуге талпынбауы.
- Монологты стратегия.
- Рольдік тұлғаарлық стратегия (мұғалім-оқушы, үлкен-кіші).

**5-тақырып.
Зейін. Қабылдау. Түйсік.**

**Зейін – психикалық
әрекеттердің қандай да бір
объектіге бағытталып
шоғырлануы.**

Зейін түрлері

```
graph TD; A[Зейін түрлері] --- B[Ырықсыз зейін]; A --- C[Ырықты зейін]; A --- D[Үйреншікті зейін];
```

Ырықсыз
зейін

Ырықты
зейін

Үйреншікті
зейін

Зейіннің физиологиялық негіздері

Зейін ми қабығының функцияларымен байланысты болады. И.П. Павлов бойынша, уақыттың әрбір сәтінде ми қабығында қандай да бір қабат қозуға даяр болады. Бұл аймақ жүйке қабатының индукция процесіне сәйкес жүреді.

И.П. Павловтың “Қозудың оптималды алабы” теориясын А.А. Ухтомскийдің доминанта теориясы толықтыра түседі. Сыртқы дүниенің көптеген тітіркендіргіштерінің ішінде біреуі миға көбірек әсер етеді де, мидың бір алабын қаттырақ, күштірек қоздырады, осындай алабты доминанта деп атайды.

ЗЕЙІН ҚАСИЕТТЕРІ



Қабылдау

Қабылдау – адамның сезім мүшелерінің тікелей әсер ету арқылы заттар мен құбылыстардың мидағы тұтастай бейнеленуі.

Қабылдау – бейнелеудің формасына байланысты үш түрлі болады:

- 1) Кеңістікті қабылдау;
- 2) Уақытты қабылдау;
- 3) Қозғалысты қабылдау.

Қабылдау мақсатқа байланысты
екі түрі болады:

- арнайы (ырықты) қабылдау;
- арнайы емес(ырықсыз) қабылдау.

Қабылдау ұйымдастырылуына
байланысты екі түрлі болады:

- ұйымдаспаған қабылдау;
- ұйымдасқан қабылдау (байқау).


Қабылдаудың физиологиялық негізі

Қабылдау – ми қабығының күрделі анализдік және синтездік қызметінің нәтижесі.

Қабылдаудың физиологиялық негізіне бірнеше тітіркендіргіштердің жиынтығы мен олардың қарым-қатынасында пайда болатын уақытша нерв байланыстары жатады. Мұны И.П. Павлов қатынас рефлексі деп атаған.

Қабылдау – түйсіктегідей бір анализатордың ғана қызметі емес, бірнеше анализаторлардың бірлесіп қызмет істеуінің нәтижесі.

Қабылдаудың негізгі қасиеттері



Түйсік

сыртқы дүние заттары мен құбылыстарының жеке қасиеттерінің сезім мүшелеріне тікелей әсер етуінен пайда болған мидағы бейнеленуі.

Сезім мүшелері - бұл сыртқы орта информацияларын бас ми қыртысына жеткізуші механизм.

Түйсік көмегімен адам санасы заттар мен құбылыстардың негізгі сыртқы белгілерін, ішкі мүше жағдайларын бейнелейді.

Түйсіктің физиологиялық негізі - анализаторлардың іс-әрекеті болып табылады.

Анализатор құрылымы

- 1) Орталық жүйке жүйесінің перифериясындағы тітіркенуді қабылдаушы нервтік аппараттық рецепторлар;
- 2) Өткізуші нерв жолдары, рецепторлардағы қозуларды үлкен ми жарты шарларының сәйкес бөлімдеріне жеткізеді;
- 3) Анализаторлардың ортаңғы ми қыртысының бөлімдерінде рецепторлардан түскен сигналдарды “өңдеу” жүреді.

Түйсік классификациясы және түрлері

Рецепторларға тітіркендіргіштердің әсер ету сипатына байланысты түйсік үш топқа бөлінеді:

1. **Экстрорецептивті** – сыртқы орта заттар мен құбылыстарын бейнелейтін түйсіктер (көру, есту, дәм сезу, тактильді т.с.с.);
2. **Интерорецептивті** - ішкі мүшелердің жағдайын бейнелейтін түйсіктер (ауырғанды сезу, тепе-теңдік, жылдамдық т.с.с);
3. **Проприоцептивті** – дененің қозғалысын бейнелейтін түйсіктер (бұлшық ет қозғалыс түйсіктері).

Түйсік қасиеттері

- ❑ Анализаторда нерв қозуын тудыра алатын тітіркендіргіштің минималды күші түйсіктің төменгі табалдырығы деп аталады.
- ❑ Түйіктің айырма сезгіштігі дегеніміз – тітіркендіргіштің сапасы мен күшін анықтайды.
- ❑ Анализаторлардың сезімталдығы үздіксіз және ұзақ уақыт бойы әсер еткен тітіркендіргіш негізінде жоғарлауы немесе төмендеуі адаптация деп аталады.
- ❑ Бір тітіркендіргіштің әсерінен бірнеше түйсіктің пайда болуын синестезия құбылысы дейді.
- ❑ Сезім мүшелерінің бір-біріне әсерлерінен сезгіштің артуын синсебилизация деп атайды.
- ❑ Тітіркендіргіш әсері тоқталғанына қарамай, аз ғана уақыт болса да түйсіктің өз күшінде қалатын кездерін бір ізді образдар деп атайды.

6-тақырып

Ойлау туралы жалпы түсінік

- Ойлау – заттар мен құбылыстардың жалпы сипаттарын, олардың арасындағы табиғи байланыстары мен қатынастарын бейнелейтін психикалық процесс.
- Ойлау – таным процестерінің ішіндегі ең биік сатыда тұрған жоғарғы процесс.
- Ойлау дегеніміз шындықты жалпылап бейнелеу болғандықтан, ол адамның іс-тәжірбиесіне сүйене отырып, ойлау ісін атқарады.

Ойлау түрлері:

1. Ойлау формасы бойынша үш түрге бөлінеді:

- ❖ Көрнекі әрекеттік ойлау;
- ❖ Көрнекі бейнелік ойлау;
- ❖ Абстрактылы логикалық ойлау.

2. Мәселелерге қатысты екі түрге бөлінеді:

- ❖ Теориялық ойлау;
- ❖ Практикалық ойлау.

3. Анықталуына қатысты екі түрге бөлінеді:

- **диструктивті ойлау;**
- **интуитивті ойлау.**

4. Оригиналдылығына байланысты екі түрге бөлінеді:

- **репродуктивті ойлау;**
- **продуктивті ойлау.**

Ойлау операциялары

- Анализ (талдау);
- Синтез (жинақтау);
- Нақтылау;
- Жалпылау;
- Салыстыру;
- Абстракция.

Ойлау формалары

- ҰҒЫМ
- Пікір
- Ой қорытындылары:
 1. Индуктивтік
 2. Дедуктивтік
- Логика

Ойлау әдістері

- Талдау
- Біріктіру
- Салыстыру
- Дерексіздендіру
- Нақтылау
- Қорыту

Ойлаудың физиологиялық негізі

Ойлаудың физиологиялық негізі И.П. Павловтың бірінші және екінші сигналдар жүйесі жөніндегі іліміне байланысты түсіндіріледі.

Ойлау – ми қабығының күрделі формадағы анализдік – синтездік қызметінің нәтижесі, мұнда екінші сигнал жүйесінің уақытша нерв байланыстары жектеші рөл атқарады.

Сөйлеу

**Сөйлеу – адамдар арасында
қарым-қатынас жасау
үшін тілді қолдануы.**

**Тіл – қарым-қатынас
құралы.**

Сөйлеудің қасиеттері:

- Мазмұндылығы;
- Түсініктілігі;
- Әсерлігі;
- Ықпалдылығы.

Сөйлеу функциясы:

- 1) Көрсету функциясы;
- 2) Әсер ету функциясы;
- 3) Тағайындау функциясы;
- 4) Ақпараттау функциясы

Сөйлеудің түрлері:

- Монологты сөйлеу;
- Диалогты сөйлеу;
- Ауызша сөйлеу;
- Жазбаша сөйлеу;
- Іштей сөйлеу;
- Эгоцентрлік сөйлеу.

Сөйлеудің физиологиялық негізі:

- 1) Перифериялық жүйелер;
- 2) Екінші сигналдар жүйесі;
- 3) Ми қабығындағы сөйлеу орталықтары;
- 4) Сөйлеу механизмдері

7 Тақырып

Ес

Ес – сыртқы орта заттары мен құбылыстарының адам миында сақталып, қайтадан жаңғыртылып, танылып, ұмытылуын бейнелейтін процесс.

Ес – күрделі психикалық процесс.

Ес процестері

Есте қалдыру

Есте сақтау

Қайта
жаңғырту

Тану

Ұмыту

Ес түрлері



Ес қасиеттері

- ❖ Естің көлемі – бұл естің интегралды сипаттамасы, сандық көрсеткіштерді береді, үш процесті қамтиды: еске қалдыру, еске сақтау, қайта жаңғырту.
- ❖ Естің жылдамдығы – адамның еске қалдыру, еске сақтау, қайта жаңғырту кезінде информацияны өңдеп, қолдана алу қабілеті.
- ❖ Естің дәлдігі – еске қалдыру, еске сақтау, қайта жаңғырту процестерінің сапалы көрсеткішін сипаттайды.

- ◆ **Естің ұзақтығы** – адамның белгілі бір уақыт арасында қажетті информацияны ұстай алу қабілеті. Естің осы қасиетіне байланысты ес процесін үшке бөледі:
 - 1) **Ұзақ мерзімді ес** – бірнеше қайталаудан кейін информацияларды ұзақ мерзімге сақтау;
 - 2) **Қысқа мерзімді ес**- қысқа уақыттық қабылдауда еске сақтау мен еске қабылдаудың аз ғана уақыт алуы;
 - 3) **Оперативті ес**- қандай да бір информацияның немесе материалдың мәселені шешіп болғанға дейінгі еске қалдырылып, ұмытылуы.

Қиял

Қиял – сырты орта заттары
мен құбылыстарын
өзгертіп бейнелеу,
табиғатта жоқ заттың
бейнесінің жасалынуы.

Қиялдың жасалынуының негізгі төрт тәсілі бар:

- ❖ Схематизация;
- ❖ Аглютинация;
- ❖ Типизация;
- ❖ Гиперболизация.

Қиялдың физиологиялық негізі
Ми қабығындағы іздердегі қозу,
тежелу, иррадиация.

Қиялдың түрлері

1. Ырықты қиял (активті қиял)
2. Ырықсыз қиял (пассив қиял)
3. Арман
4. Шығармашылық қиял
5. Жасампаз қиял

Елес

Елес - сыртқы дүние заттары мен құбылыстары сезім мүшелеріне әсер ету арқылы жасалынған нақты бейнелерінің қайта жаңғыру процесі.

Елестің процесс ретіндегі функциялары

- 1) Сигналдық - ми қабығында динамикалық стереотиптердің пайда болуымен байланысты;
- 2) Реттеуші – зат пен құбылыс жайлы информациялардың осы шаққа байланысты нақты іс-әрекетте пайдалысын, керектісін таңдай алу;
- 3) Көңіл-күйді қалыпқа келтіруші - сыртқы дүниенің әсерінен адам организмінің бағдарлануы арқылы көрінеді.

Елестердің физиологиялық негізі:

Үлкен жарты шарлардың қабығындағы іздер болып табылады.

Елес түрлері:

- Анализаторлар бойынша;
- Жалпылау дәрежесі бойынша: а) бірегей елес; б) жалпы.
- Ерік күшінің көріну дәрежесі бойынша: а) ырықты; б) ырықсыз.
- Ұзақтығы бойынша: а) қысқа мерзімді елес; б) ұзақ мерзімді елес; в) оперативті елес.

8-тақырып

Ерік

Ерік турлы түсінік.

Еріктің функциялары.

Тұлғаның еріктік қасиеттері.

Ерікті тәрбиелеу.

Ерік – бұл адамның өз мінез-құлқын саналы реттеу қабілеті, өзінің барлық күшін қойылған мақсатқа жетуге бағыттау.

Ерік – іс - әрекеттің саналы реттелуіне негізделген психиканың ерекше формасы. Іс - әрекетті орындау тұлғаның іс - әрекет элементтерін ұйымдастыруы және басқаруы болып табылады, яғни іс-әрекет процесін және өзін басқару. Еріктік іс - әрекет тұлға қасиеттерімен (өмірлік тілекпен, ұмтылыстармен, сенімдермен және т. б.), іс - әрекеттің мазмұнымен, өмірлік жағдайлармен детерминантталған.

Ерік функциялары:

- Түрткілер мен мақсаттарды таңдау;
- Мотивацияның жетіспеушілігінен немесе көптігі кезінде әрекетке итермелеуді реттеу;
- Адам орындайтын адекватты әрекеттер жүйесіне психикалық процестерді ұйымдастыру;
- Қойылған мақсатқа жетуде кедергілерді жеңуге бағытталған психикалық және физикалық мүмкіндіктерді мобилизациялау.

2. Еріктік әрекеттер түрлері :

- ырықты ;**
- ырықсыз ;**
- қарапайым;**
- күрделі.**

Еріктік іс- әрекеттердің құрылымы:

Саналы мақсаттардың қойылуы
(құмарлық, тілек, талпыныс);

Шешім қабылдау (мотивтер күресі, басқа
талпыныстардың пайда болуы);

Жоспарлау және ұйымдастыру (тәсілдер
мен құралдарды таңдау, орындаудың
бірізділігін орнату, ішкі және сыртқы
кедергілерді есепке алу), орындау.

Мотивтердің ішкі күресі еріктік акттің
пайда болуы мен іске асу шарты
ретінде көрінеді.

Еріктің амал кезеңдері

Мақсат және оған жетуге ұмтылу

Мақсатқа жету мүмкіншіліктерін түсіну

Ниет тілектердің пайда болуы

Ниеттер тартысы және оның біреуін қалау

Тоқтамға келу үшін мүмкіншіліктердің біреуін қалау

Тоқтамға келген шешімді орындау

Ерік сапалары:

**мақсатқа ұмтылыс;
принциптілік;
дербестік;
инициативалық;
шешім қабылдағыштық;
табандылық;
ұйымдасқандық;
батылдық;
тәртіптілік.**

ЭМОЦИЯ

Эмоция латын тілінен аударғанда 'emoveo', яғни - қобалжу деген мағынаны білдіреді.

Эмоция – бұл адамның айналадағы өмір шындығына және өз басына деген өзіндік қарым-қатынасы.

Эмоция - адамның мінез-құлқына, іс-әрекетіне, пікіріне қанағаттануы немесе қанағаттанбауынан көрінеді.

Егер қажеттілік процесі қанағаттанатын болса, онда адам жағымды эмоциялық күй кешеді, егер, керісінше қанағаттанбаса онда жағымсыз күй кешеді.

Эмоция түйсік, қабылдау немесе ойлау сияқты санадағы нақтылықты бейнелеудің бір түрі болып саналады. Бірақ эмоция заттар мен құбылыстардың тек өзін ғана бейнелеп қоймайды, олардың субъектіге қатынасын және қажеттіліктерінің мағыналылығы мен іс-әрекеттің түрткілерін көрсетеді.

Шаттану –мұң, үрей мен қорқу, масаттану, өкіну осылардың барлығы адамның тітіркендіргіштерге психикалық реакциясының түрлерін көрсетеді. Осы реакцияларды әр адам субъективті қабылдайды да ерекше эмоциялық күй кешеді. Сонымен қатар адамның эмоциялық сферасы әртүрлі болғанымен оны тұлғадан бөлек қарай алмаймыз.

Эмоцияның негізгі қасиеттері

Эмоцияның субъективтілігі;

Эмоцияның полярлылығы;

Эмоцияның фазалығы.

Эмоцияның субъективтілігі-
адамдағы барлық психикалық
құбылыстар субъективті
болады, ол адамның өмірлік
тәжірибесіне, жағдайына,
ұстанымдарына байланысты
болады, бірақ субъективтілік
эмоцияда ерекше аңғарылады.

Эмоцияның кейбір түрлерін адам тежеп ұстай алады да, сырт көрінісі мүлдем қарама-қайшы көрініс алуы ықтимал. Эмоцияның субъективтілігінің ең бір негізгі ерекшелігі ол бір жағдайда әр адам әр түрлі эмоциялық күй кешеді, ал ұқсас күйзелістерінің өзінде де айырмашылықтар болады. Кей кездері біз өз күйзелісімізді сөзбен жеткізе алмаймыз, бұдан иллюзия пайда болуы мүмкін, яғни адамның нақтылы өмірден шетте қалу сезімі болады.

**Эмоцияның полярлылығы - оның өзі
эмоцияның анықтамасынан бас
алады, яғни қанағаттану мен
қанағаттанбау қажеттіліктерінің
ағымдық процесі. Барлық
эмоциялардың «оң» және «теріс»
полярлылығы болады: қанағаттану –
қанағаттанбау; қуаныш-мұң, көңілді-
көңілсіз т.с.с.**

Сонымен эмоциялық толғаныстар бір текті болмайды. Бір объектінің өзі біріне бірі қайшы келген әртүрлі сезімдік күйді пайда етеді. Бұндай құбылыстар амбивалентті (екі жақты) деп аталады. Бұндай жағыдай адамды тұрақты қалып пен нақты оқиғаға байланысты оның сезімі арасындағы қайшылықтан туындайды, мысалы, махаббат пен қызғаныштан туындайтын өшпенділік екеуі бірге жүреді.

Эмоцияның фазалығы - эмоцияның динамикасына байланысты болады. Бір эмоциялық жағдайдың өзінде қысым-бәсеңдік, қозу мен – тынышталу. Мысалы, ашу үнемі айқын қозу түрінде болады да қанағаттану мен тынышталу байланысты болады.

ЭМОЦИЈАНЫҢ ЖІКТЕЛУІ:

- стресс;
- фрустрация;
- көңіл-күй;
- сезім;
- аффект.

Афффект - («афффект» - сөзінің мағынасы жалпы алғанда қанағаттанудың әртүрлілігі, ауырсыну, тілек) – ол эмоцияның бірте-бірте күшеюінен көрінеді.

Афффект бұл – қысқа мерзімді, бұрқетпе, өте күшті эмоциялық реакция.

Стресс - бұл күтпеген шытырман жағдайда туатын эмоциялық күй.

Қауіп-қатер жағдайындағы әрекеттер, жылдам шешімге келу қажеттілігі, қауіп төнген сәттегі реакция, күрт өзгерген жағдайдағы мінез-құлық стресстік күйлер болып табылады

Көңіл күй – адамның барлық толғаныс тебіреністері мен әрекетіне өң беретін ұзақ эмоциялық күй. Көңіл күйлерінің бір қалыпта сақталу уақыты әр қалай болады. Өткінші және тұрақты болып екіге бөлінеді.

* Өткінші көңіл күй ол - қысқа мерзімді көңіл күй.

* Тұрақты көңіл күй – ол адамның мінез-құлқына бірнеше күн, бірнеше апта бойы өң бере алады.

Фрустрация - тұрақты жағымсыз эмоциялық күйге душар ететін , шектен асқан қанағаттанбаушылық фрустрацияның , яғни сана мен әрекеттің бұзылуының негізі болады. Тілке, мақсат, мотивтің жүзеге аспауының бәрі фрустрация туғыза бермейді. Фрустрация қанағаттанбаушылық дәрежесі адамның төзімін тауысарлықтай болған жағдайда көрініс береді.

СЕЗІМ

Сезім дегеніміз - бұл адамның қоршаған болмыс заттары және құбылыстарымен қатынас жасауынан туындаған әрқилы формада көрініс беретін толғаныс, күйзелістері.

Сезімдер организмде жүріп жататын ерекше процестермен байланысты. Бұл процестердің көзі негізінен сыртқы дүние өзгерістерінде, дегенмен, олар бүкіл дене әрекет қимылына әсер етеді.

Сезімдер:

**Ұнамды сезімдер – қажеттіліктері
қанағаттанған**

Жағымсыз сезімдер –

қажеттеліктердің қанағаттанбауынан

**Қажеттіліктердің деңгейіне байланысты
сезімдер:**

**Қарапайым: ашу, қорқыныш, уайым,
қызғаныш, күндеушілік**

**Күрделі - Моральдық, эстетикалық,
интеллектуалды**

Моральдық сезімдер - қоғам талабына орай адамның өз мінезіне лайық не лайық еместігін сезінген көңіл-күйді білдіреді. Принципі мен жалпы негізі – белгілі бір қоғамдық экономикалық сатыларда әлеумет мүшесінде қалыптасып отыратын мінез-құлық көріністері.

Эстетикалық сезімдер –
объектив шындықты бейнелеп,
оның әсемдігі мен сұлулығын,
жарамсыздығы мен сенімділігін
қабылдап, оған әсерленудегі
көңіл күй. Әсемдікті қабылдап
оған сүйсіну, ләззәттану, рухани
күшін арттыру сезімі - адамның
өмір тіршілігінде біртіндеп
қалыптасатын жағдай.

Интеллектуалды сезім - адамның

таным әрекетімен байланысты.

Шығармашылдық пен өнерге деген

көңіл – күй қатынасынан

туындайды. Адамның шындықты

тануға деген ақыл-ой сезімі ең

алдымен таңданудан басталады.

Ал таңдану адамды жетелеуге

итереді де, ізденімпаз әрекетін

тудырады. Іздену барысында адам

дамиды.

Құмарлық – адамның белсенді іс-
әрекетін оятатын күшті сезім.

Эмпатия - қайғы қасіретті
жағдайлар мен қиыншылықтарға
ұшыраған өзгелерге жанашырлық
білдіріп, олардың қалін өз басыңа
түскендей сезіну.

9-тақырып. Тұлға психологиясы

1.Тұлға туралы жалпы түсінік.

- а) адам дамуы мен тұлғаның қалыптасуындағы биологиялық және әлеуметтік компоненттерінің рөлі туралы.
- б) А. Н. Леонтьев концепциясы мен басқа тұлға теорияларындағы индивид пен индивидуалдық түсінігі.

2. Психологиялық құрылым және тұлғаның бағытталығы.

3. Қажеттіліктер тұлғаның белсенділігінің қайнар көзі ретінде.

4. Тұлғаның қалыптасу факторлары.

1. а) Адам қасиеттері: табиғи және әлеуметтік, туа берілген және жүре қалыптасқан, индивидуалды және жалпы, анатомо – физиологиялық , психологиялық және т.б. болып келеді.

1. б) А.Н. Леонтьев концепциясы бойынша:

Индивид – биологиялық эволюция өнімі,
адам түрінің өкілі.

Индивидуалдылық – тұлғаның
қайталанбас өзіндік үлгіде аяқталатын
психологиялық ерекшеліктеріне ұқсас
жағы.

Тұлға – қоғамдық қатынастарда тарихи
процестерде объект және субъект
ретіндегі саналы адам

2) Тұлға құрылымы – тұлға қасиеттерінің бірлік жүйесінде.

Биологиялық құрылымы –
индивид ретіндегі адам
қасиеттерінің жүйесі: жыныс, жас,
жүйкелік – физиологиялық
қасиеттер, физикалық
мәліметтер, темперамент.

Психологиялық құрылымы :

психикалық таным процестері,
тұлғаның эмоционалды – еріктік
қасиеттері.

Әлеуметтік құрылымы –

тұлғаның қоғамдық тәжірибесі:
білімі, шеберлік, дағдылар.

Тұлғаның бағыттылығы - өмірлік мақсаттар, түрткілер, қызығушылықтар, бейімделулер, идеалдар, дүние көзқарасы, сенімі, мінез және қабілеттер.

Тұлға құрылымы динамикалы, өйткені тұлға қасиеттері үнемі даму үстінде болады.

Тұлғаның бағытталығы оның мақсатында, болшақтық жоспарында, талаптануында, әлеуметтік позицияларында көрінеді.

3) *Тұлға белсенділігінің қайнар көзі – қажеттіліктер.*

Қажеттілік – нақты өмір шарттары мен дамуына қажет болатын тұлғаның жағдайы.

Қажеттіліктер – туындауына байланысты: тарихи және мәдени;

Тұлғаның даму деңгейі байланысты:
биогендік, өзіндік бекітілуі, өзіндік
дамуы, қоғамдық – саяси,
адамгершіліктер;

Қанағаттану сипатына байланысты:
материалды және рухани болып
бөлінеді.

Еңбекке қажеттілік – тұлғаның
маңызды қажеттілігі.

Сенім – көзқараспен сәйкес
іс-әрекет жасаудың саналы
түрткісі.

Талпыныс – қажетті жағдай
тудырғандың саналы түрткісі.

Қызығушылық – танымның
саналы түрткісі.

4) Тұлғаның қалыптасу факторлары:
тұқым қуалаушылық, орта (микро –және макро-), оқу және тәрбие, іс - әрекет.

Негізгі фактор – әлеуметтік – тарихи тәжірибені меңгеруге бағытталған іс-әрекет.

Тұлғаның қалыптасуы интериоризация көмегімен жүзеге асатын әлеуметтену болып табылады.

10-тақырып. Темперамент

Темперамент жайлы түсінік,
темпераменттің физиологиялық
негіздері.

Темперамент қасиеттері.

Темперамент түрлері және олардың
психологиялық сипаттамалары.

**1. Темперамент – бұл
психикалық іс - әректің
динамикасын көрсететін
тұлғаның индивидуалды –
психикалық қасиеттерінің
жиынтығы.**

Темпераменттің физиологиялық негізі жүйке жүйесінің жалпы типі болып табылады. И.П. Павловтың жоғары жүйке іс - әрекеті типтері жайлы ілімі: Қозу және тежелу процестерінің күші. Қозу және тежелу процестерінің тепе теңдігі Қозғалымпаздығы – процестердің алмасу жылдамдығы. Негізгі 2 типтің сәйкес келуі: әлсіз және күшті.

Күшті тип 3 формаға ие: салмақты, қозғалмалы, қозғыш. Әлсіз – салмақты, инертті.

Сангвиник – күшті, тепе-тең, қозғалымпаз тип;

Флегматик – күшті, тепе-тең, инертті тип;

Холерик – қозуы тежелуінен басым тип.

Меланхолик - әлсіз тип.

2. Темперамент қасиеттері:

Сензитивтілік (психикалық құбылыстар мен реакцияларды тудыратын тітіркендіргіштің минималды күшімен сипатталады).

Реактивтілік (реакциялардың ырықсыз деңгейі).

Белсенділік (қоршаған ортаға әсер ету күші, қуаттылығы).

3. Темперамент типтері –
тұлғаның психикалық
қасиеттерімен сәйкес келетін
